

НАРЫҚҚА БЕЙІМ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАЙДЫ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты – ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет жүргізу бойынша магистратураның 154, PhD докторантураның 23 білім беру бағдарламаларына сәйкес әлеуеттік қоғамдық нарыққа кадрларды даярлайтын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған 10 оқу орнының бірі.

Магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша жалпы 1160 магистрант бар, оның ішінде:

- 2 жылдық, ғылыми - педагогикалық бағыт бағдарламасы бойынша 1-ші - 345 (оның ішінде 2-шет елдік) және 2-ші - 784 (оның ішінде 5-шет елдік) курстарда магистранттар білім алады;

- 1,5 жылдық, педагогикалық білім беру бағдарламалары бойынша ағылшын тілінде мамандар дайындау бағытында 1-курста - 2 және 2-курста - 1 магистрант білім алады;

- 1 жылдық, профильді бағыт бойынша 1-ші - 28 (оның ішінде 2-шет елдік) және 2-ші - 215 курстарда магистрант білім алады;

Қазіргі уақытта институтта докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша 1,2,3 курстарда 150 докторант білім алып жатыр.

Магистранттар мен докторанттардың алған білімі мен тәжірибесі олардың қоғамда қалыптасуына зор ықпал береді. Олар келешек мемлекетіміздің білікті мамандары. Нарықтық заманда жұмыс берушіге сапалы білім алып шыққан, бәсекеге қабілетті мамандар қажет.

Университет - коммерциялық емес, әлеумет алдындағы жауапкершілігі бар ұйым. Себебі сапалы білім беруді ұйымдастыруда аз қаражат жұмсалмайды. Сондықтан білім сапа-

сын арттырып, білім алуға қолайлы жағдай жасалуда.

Институт еліміздің Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу жоспарына сәйкес білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы интернет желісіне қосылған компьютерлік аудиториялармен, оқу-зертхана жабдықтарымен, оқу-өндірістік шеберханалармен жабдықталған. Зерттеу тәжірибесі және тағылымдамадан өткізу базалары ретінде айқындалған ұйымдармен (ТМД және шет мемлекеттермен) келісім шарттар жасалған.

М. Әуезов атындағы ОҚУ ЖОО кейінгі білім беру институты білім беру қызметі кезінде қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын лицензияға ие. Соңғы 10 жылдан бүгінге дейін 2800 магистрант және 60-тан астам PhD докторы даярланды.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты